

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК**



«Бекітілді»
«№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК
меңгерушісі
Садыкова А.К.
« 31 » тамыз 2021 ж.



**2021 – 2022 оқу жылының
жылдық жұмыс жоспары**

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК**



«Бекітілді»
«№24 «Аққу» балабақшасы» МКҚК
менгерушісі
Садыкова А.К. _____
«_____» тамыз 2021 ж.

**2021 – 2022 оқу жылының
жылдық жұмыс жоспары**

«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК
2020 - 2021 оқу жылына талдау

«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 100 орындық, 2- қабатты типтік ғимаратта орналасқан, 1988 жылы қолдануға берілді, жалпы көлемі 1041 шаршы метр. «№24 «Аққу» МДҰ» МКҚК Ақтөбе қаласынан 25 км қашықтықтағы Кеңес Нокин ауылында орналасқан. Балабақша - заңды тұлға, өзінің мөрі бар.

Кәсіпорынның құрылтайшысы: Ақтөбе қалалық әкімдігі

Мемлекеттік басқару органы: Ақтөбе қалалық әкімдігінің «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» Мемлекеттік мекемесі

Мемлекеттік лицензия: №0009471, 28.09.2004 жыл.

Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу куәлігі: №6245-1904-МК,
04.06.2006 жыл.

Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Кеңес Нокин ауылы, Кеңес Нокин тұрғын үй алабы, 25 үй
Байланыс телефоны: 8 (7132) 99-43-73

Мектепке дейінгі ұйымның ашылған уақыты – 1988 жыл.

Мектепке дейінгі ұйымдағы топтар саны: 4 топ

Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі:

Садыкова Альмира Күнтуовна – жоғары білімді, бірінші санатты педагог

Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері:

Базарбаева Зинаида Игоревна – жоғары білімді, бірінші санатты педагог

Мектепке дейінгі ұйымның кабинеттері: меңгеруші кабинеті, әдіскер кабинеті, дәрігер кабинеті, есепші кабинеті. Әрбір топ бөлмелерінде өрт қауіпсіздік хабарландыру жүйесі бар. №24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымында төрт топ бар, барлығы 116 бала келеді. Балалардың орташа қатысымы: 2018-2019 оқу жылы – 69,8 %, 2019-2020 оқу жылы - 75,7 %, 2020-2021 оқу жылы - 71,4 %,

Материалдық – техникалық және әлеуметтік базаны талдау

«№24 «Аққу» МДҰ» МКҚК типтік ережеге сәйкес, құрылтайшы бекіткен жолдама негізінде мектепке дейінгі ұйымға келеді. Ата – аналармен келісім шарттарға тұрып, келісім шарттар тіркеу журналына тіркеледі.

«№24 «Аққу» МДҰ» МКҚК материалды – техникалық базалық бекітумен жұмыс жасайды. 2009 жылы күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді.

«№24 «Аққу» МДҰ» МКҚК-да әр жас ерекшеліктегі топтарда ойын бөлмесі, ұйықтау бөлмесі, қабылдау бөлмесі, дәретхана, жуынатын бөлмелері бар. СанПиН ережесіне сәйкес медициналық кабинеті, изолятор бар. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, өрт қауіпсіздік ережесі және қызметкерлердің техникалық қауіпсіздік құрылымы жиі жүргізіледі. Құрылым журналы бар. Электротоқтардың жағдайы техникалық нормаға сәйкес. Өрт қауіпсіздік бұрышы құралдармен толық жабдықталған.

Материалдық - техникалық база

№	Оқу- тәрбие үрдісін ұйымдастыру үшін қажетті кабинеттер тізімі	Кабинеттердің жабдықталуы
1	Спорттық және музыкалық зал	Орташа
2	Психологтың кабинеті	Орташа
3	Ойын бөлмесі	Толық

Оқыту үрдісін ұйымдастыру және педагогикалық қызмет деңгейін жоғарылату

Бағдарлама мазмұнын жүзеге асыру тек педагог пен баланың емес, сондай-ақ қарым-қатынастың субъект-субъектілік моделін көздейді. Ол үшін тәрбиешіге кәсіби шеберлік, педагогикалық рефлексия және эмоциональдық жайлылық керек. Педагогикалық қызметте жеткілікті көпөтілге ие бола тұрып, тәрбиеші өз жұмысында дәстүрлі, сондай-ақ инновациялық тәсілдерді пайдалана алады. Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізіледі, үздіксіз білім алудың бөлінбес бөлшегі ретінде өз білімін көтеруге көп уақыт бөлінеді.

Мектепке дейінгі ұйымының білім беру қызметіндегі негізгі құзыреттіліктерге сәйкес қажеттілігін қамтамасыз ететін басым бағыттары

Дене тәрбиесі, шынықтыру - сауықтыру

Рухани – патриоттық, әлеуметтік-адамгершілік тәрбие

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі мақсаты:

1. Балаларды мәдени-гигиеналық дағдыларға баулу және оларды күнделікті өмірде қолдануға үйрету.
2. Балаларды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

ОСЫ МАҚСАТТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ МІНДЕТТЕР ҚОЙЫЛДЫ:

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың табысты бейімделуі мен дамуы үшін жағдай жасау;
Балалардың құзыреттілік қабілеттерін толық құнды жетілдіруге жағдай жасау үшін ұжым жұмысын жандандыру;
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінде педагогикалық үдерісті қоғам талаптарына сәйкес жаңғырту;
Мектепке дейінгі ұйымның тәрбие мен оқыту үдерісін инновациялық технологияларды пайдалану арқылы жетілдіру;
Балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;
Баланың денсаулықты сақтау құзыреттілігін қалыптастыру және де оларды денсаулығын қорғау мен нығайтуға, салауатты өмір салты құндылықтарын ұстануға бейімдеу;
Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын дамыту, оларды күнделікті өмірде қолдануға үйрету;
Баланың өз отбасына, үйіне, балабақшасына, қаласына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
Табиғатты және қоршаған ортаны аялай білуге үйрету;
Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына деген қызығушылықтарын ояту;
Балаларды елінің жетістіктерін мақтан тұтуға және үлкен жауапкершілікпен қарауға баулу;
Балаларды құрдастарымен қайырымды, мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу, игі істер жасауға ынталандыру;
Баланы жеке тұлға ретінде қоғамдық өмірге қалыптастырып, баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру;
Үлкенді құрметпен өнеге тұту, одан үлгі алу, біріккен шығармашылық еңбек етуді, белсенді іс-әрекетке баулуды іске асыру;
Ата – аналар, тәрбиешілер және балалар арасындағы ынтымақтастыққа жағдай жасау.

«ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ БАНКІ»

Қалалық сараптау комиссиясымен бекітілген адаптивті бағдарламалар
(№ 24 «Аққу» МДҰ)

№	Бағдарламаның тақырыбы	Мақсаты	Авторы	Бекітілген уақыты
1	«Адамгершілік әліппесі»	«Адамгершілік әліппесі» - мектепке дейінгі жастағы балаларды рухани – адамгершілікке тәрбиелеу бағдарламасы.	Көшербаева Гулназым Бақытқызы, тәрбиеші, І санат	17.09.2019 ж., бұйрық №1207
2	«Денсаулық әліппесі»	Балалардың денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етуге, шынығу әдістерін қолдануға негізделген бағдарлама	Карамульдина Жанагуль Игликовна, тәрбиеші, І санат	21.09.2018 ж., бұйрық №682
3	«Көңілді саусақтар»	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұсақ қол моторикасын дамыта отырып, ойлау, сөйлеу дағдыларын арттыру.	Утенова Жанаргүл Нурлановна, тәрбиеші, І санат	21.09.2018 ж., бұйрық №682

Мектеп пен балабақша арасындағы жұмыс

«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК Кеңес Нокин ауылында орналасқан. Сондықтан осы ауылда орналасқан №65 ЖББОМ - мен тығыз байланыстамыз. Оқу жылының басында мектеп директорының және мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің қолдарымен бекітілген, өзара келісілген жұмыс жоспары құрылып, осы жоспар бойынша жыл бойы жұмыстар жүргізілді.

Қыркүйек айында МДҰ тәрбиешілері мектепке барып, өз 1 – сынып табалдырығын аттаған түлектірін құттықтап келді.

Әдістемелік отырыстарда педагогтар арасында мектеп пен балабақша сабақтастығы туралы кеңестер, баяндамалар оқытылып тұрады.

Карантиндік режимге байланысты жоспарланған мектеп кітапханасына саяхат өткен жоқ. Балалар кітапхана туралы мағлұматтар алып, сюжеттік-рөлдік ойын ойнатылды.

Қаңтар айында тәрбиешілер балаларға мектеп туралы толық мағлұмат бере отырып, балалармен «Мектеп» сюжеттік-рөлдік ойыны ойнатылды.

Ақпан айында «Мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуде сюжетті-рөлдік ойындарды ұйымдастырудың маңызы» тақырыбында семинар-практикум ұйымдастырылды.

Сәуір айында «Балаңыз мектепке дайын ба?» тақырыбында онлайн форматта ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналардан сауалнама алынды.

Карантиндік режиміне байланысты ашық қаралымдар өткізілген жоқ.

Мамыр айында әр ересек топта балалармен «Қош бол, балабақша!» тақырыптық қаралымдар ұйымдастырылды.

Балабақша қабырғасынан шыққан балалар мектепке дайын болуымен қатар, адамгершілік әдеттер мен бейімділіктерді меңгерген, әлеуметтік жағынан да бейімделген болып шығады.

Ата-аналармен жұмыс

Жаңа оқу жылының басында крантиндік режимге байланысты жалпы ата-аналар жиналысы онлайн форматта өткізілді. Ата-аналар балабақша тәртібімен таныстырылды. «Білім күні» мерекесіне көңілді тақырыптық қаралым ұйымдастырылды.

Әр топтың ата-аналар жиналысында «Балабақша жұмысы туралы ойыңыз», «Балабақшаға қош келдіңіз!», «Сіз қандай ата-анасыз?», «Өз балаңызды дұрыс тәрбиелеп жатырсыз ба?» атты сауалнамалар жүргізілді. Ата-аналар арасында түрлі тақырыптарда баяндамалар оқылып, кеңестер берілді. Мысалы: Отбасылық тәрбиенің стильдері», «Балаларды тамақтандыру ережелері», «Ойынның бала өміріндегі маңызы», «Балалардың жарқын болашағы біздің қолымызда», «Балалардың жеке бас гигиенасы», «Дені сау бала өсіру: мектепке дейінгі жастағы баланың дене тәрбиесін ұйымдастыру», «Балалардың үйдегі қауіпсіздігі», «Балабақша мен отбасының ынтымақтастығының негізгі бағыттары», «Мектепке дейінгі жастағы баланың ата-анасына не туралы ойлау пайдалы?», «Ойыншықтар таңдаудағы жеті маңызды белгі», «Отбасылық тәрбие: ата-аналарға арналған 10 өсиет», т.б.

Ата-аналар «Қыс қызығы», «Ұлттық ойындар кеші» сияқты спорттық жарыстарға белсенді қатысып, балалардың денсаулығын шынықтыруға ат салысты. «Күз сыйы», «Менің отбасым», «Көңілді Жаңа жыл!», «Менің сүйікті ойыншығым», «Көктемгі бәйшешек» тақырыптарында көрмелер ұйымдастырылды. Балалардың ата-аналарымен бірлесе отырып жасаған жұмыстары байқауларға жіберіліп, балаларымыз және педагогтарымыз дипломдарға, грамоталарға және сертификаттарға ие болды.

Алтын күз, Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз, мерекелеріне арналған тақырыптық қаралымдар ұйымдастырылды.

Отбасында, мектепке дейінгі ұйымда баланың психологиялық денсаулығы мен жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында психолог тарапынан жұмыстар жүргізіледі. Психолог «Балалардың жас ерекшеліктеріне психологиялық мінездеме», «Баланың үш жастағы дағдарысы: бұл кезеңдегі қиындық сәттерді қалай жеңуге болады?», «Баланың психологиялық тұрғыдан өзін жақсы сезіну негіздері» тақырыптарында кеңестер, баяндамалар оқыды, психологиялық тренингтер өткізді.

Ата-аналармен жұмыстың түрлі формалары жүргізілді: теориялық (кеңестер, баяндамалар, баспасөз материалдары), практикалық (ертеңгіліктер, мерекелік іс-шаралар, түрлі ойындар, спорттық мерекелер), аналитикалық (сауалнама, психологиялық диагностика). Отбасымен қарым – қатынасты жақсарту мәселелеріндегі әдіскерлік көмектің түрлі формалары арқылы тәрбиешінің кәсіптік біліктілігі арттырылады (педагогикалық кеңестер, семинарлар, шығармашылық топтардағы жұмыс, тренингтер және т.б.).

Баланың өмірі мен іс - әрекеті жайлы ата – аналар үнемі ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Отбасы тәрбиесінің озық тәжірибелері пайдаланылады. Балаларды тәрбиелеу мақсатында жүргізілетін ата – аналармен біріккен жұмыстар ары қарай жалғастырылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша өткізілетін іс – шаралар бойынша есеп беру

«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК -да қыркүйек айынан бастап «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша өткізілетін іс-шаралар жоспары құрылды. Жоспар бойынша әртүрлі шаралар ұйымдастырылды. Әдістемелік отырыстар барысында «Рухани жаңғыру – жас ұрпақтың болашаққа бастар жолы», «Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлтжандылығын дамыту», «Бала тәрбиесі үшін ұлттық салт-дәстүрлердің маңыздылығы», «Халық тәлімі – тәрбие бастауы», «Ұлттық ойындар – тәрбие құралы» тақырыптарында кеңестер, баяндамалдар оқылды.

Топтарда ұлттық бұрыштарын жабдықтау жұмыстары жүргізілді. «Менің тәуелсіз елім», «Менің отбасым» тақырыптарында көрмелер ұйымдастырылды. Мереке сайын барлық топтарда тақырыптық іс-шаралар, ұлттық ойындар күні өткізіліп отырды. Жалпы ұжым қызметкерлері мемлекеттік тілді қолдауға ат салысты.


Барлық топтарда балаларға өз халқының тарихын тануға, мәдениетін терең білуге, ұлттық салт- дәстүрді құрметтеуге, Қазақстанның әсем табиғатын тани білуге, оны қорғауға тәрбиелейтін құнды материалдар жинақталған.

Кадрлар құрамын талдау

«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорында барлығы 13 педагог маман жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог - қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және қалалық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Педагогтардың ішінде жоғары білімі бар - 13 педагог (100 %), оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар – 10 педагог (76,9 %). Арнаулы орта білімі бар педагог жоқ.

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагогтар саны	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі жоғары білім	Арнаулы орта білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2018-2019	16	15 – 94 %	11 – 73 %	1 - 6 %	1- 100%	-
2019-2020	13	13 – 100 %	9 – 69,2 %	-	-	-
2020-2021	13	13 – 100 %	10 – 76,9 %	-	-	-



Мектепке дейінгі базалық білімдері жоқ тәрбиешілер мен педагогтар:

2018-2019 оқу жылында 16 педагогтың ішінде 15 педагогтың жоғары білімі бар (94 %), оның ішінде 11 педагогтың мектепке дейінгі білімі бар (73 %). Екеуі С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінде және Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша оқуда (Болатова Г.С., Калиева К.Ж.), біреуінің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша арнаулы орта білімі бар және де «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша қайта даярлау курсынан өтіп, куәлік алды (Симанова Ш.К.), біреуінің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша арнаулы орта білімі бар (Хайруллина З.Д.). Арнаулы


орта білімі бар - 1 педагог (6%), оның ішінде мектепке дейінгі арнаулы орта білімі бар – 1 педагог (100 %). Бұл педагог Орал Батыс-Қазақстан Гуманитарлық Академиясында дене тәрбиесі және спорт мамандығы бойынша оқуда (дене шынықтыру жетекшісі Орынбасарова Ф.Б.).

2019-2020 оқу жылында барлық 13 педагогтың жоғары білімдері бар. Оның ішінде жоғары мектепке дейінгі білімі жоқ екі педагогтың да арнаулы орта мектепке дейінгі білімдері бар. Және де біреуі (Симанова Ш.К.) «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша қайта даярлау курсынан өтіп, куәлік алды. Екі педагог (Калиева К.Ж., Болатова Г.С.) осы жылдың маусым айында мектепке дейінгі білім бойынша диплом алады.

2020-2021 оқу жылында барлық 13 педагогтың 10 педагогта жоғары мектепке дейінгі білімдері бар. Үш педагогта жоғары мектепке дейінгі білімі жоқ, оның ішінде екі педагогтың арнаулы орта мектепке дейінгі білімдері бар (Симанова Ш.К., Хайруллина З.Д.). Және де біреуі (Симанова Ш.К.) «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығы бойынша қайта даярлау курсынан өтіп, куәлік алды.

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
2018-2019	16	1 – 6,3 %	7 – 43,8 %	3 – 18,7 %	5 – 31,2 %
2019-2020	13	2 – 15 %	5 – 39 %	3 – 23 %	3 – 23 %
2020-2021	13	2 – 15 %	6 – 47 %	3 – 23 %	2 – 15 %



2018-2019 оқу жылында 1 педагог біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты маман (Симанова Ш.К.), біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты педагогтардың саны - 7 (Садыкова А.К., Көшербаева Г.Б., Ташранова А.М., Карамульдина Ж.И., Утенова Ж.Н., Трумова Т.К., Базарбаева З.И.), біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты педагогтардың саны - 3 (Абдиреева Т.О., Калиева К.Ж., Юлдашова Г.Х.). 5 педагогтың біліктілік санаттары жоқ. Ол - педагогикалық еңбек өтілдері төмен және мектепке


дейінгі білімі жоқ педагогтар. Оқу жылының соңында педагог Көшербаева Г.Б. «Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты тәрбиеші» біліктілік санатын алды.

2019-2020 оқу жылында 2 педагог - біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандар (Симанова Ш.К. және Көшербаева Г.Б.), біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты педагогтардың саны - 5 (Садыкова А.К., Ташранова А.М., Карамульдина Ж.И., Трумова Т.К., Базарбаева З.И.), біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты педагогтардың саны - 3 (Абдиреева Т.О., Калиева К.Ж., Юлдашова Г.Х.). 3 педагогтың біліктілік санаттары жоқ. Ол - педагогикалық еңбек өтілдері төмен және мектепке дейінгі білімі жоқ педагогтар. Оқу жылының соңында педагог Юлдашова Г.Х. «Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты тәрбиеші» біліктілік санатын алуға үміткер.

2020-2021 оқу жылында 2 педагог - біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты мамандар (Симанова Ш.К. және Көшербаева Г.Б.), біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты педагогтардың саны - 6 (Садыкова А.К., Ташранова А.М., Карамульдина Ж.И., Трумова Т.К., Базарбаева З.И., Юлдашова Г.Х.), біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты педагогтардың саны - 3 (Абдиреева Т.О., Калиева К.Ж.), 2 педагогтың біліктілік санаттары жоқ. Ол - педагогикалық еңбек өтілдері төмен және мектепке дейінгі білімі жоқ педагогтар.

Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	1жылға дейін	1-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2018-2019	16	-	4 – 25,0 %	3 – 18,7 %	4 – 25,0 %	5 – 31,3 %
2019-2020	13	-	1 – 8 %	4 – 31 %	3 – 23 %	5 – 38 %
2020-2021	13	-	1 – 8 %	1 – 8 %	6 – 46 %	5 – 38 %



Ұжымдағы педагогтардың 92% пайызының жалпы еңбек өтілі 5 жылдан жоғары.

Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Халық- аралық	Республика- лық	Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша	Облыстық	Қалалық	«Өрлеу БАҰО АҚ филиал АОБШ БАИ
2018-2019	16	0	1 – 6,3%	0	1 – 6,3%	0	3 -18,8%
2019-2020	13	0	3 – 23 %	0	0	0	0
2020-2021	13	0	0	3 - 23%	0	0	6 - 46%

Соңғы үш жылда кәсіби біліктілігін арттырған педагогтардың пайыздық көрсеткіші:


2018-2019 оқу жылы - 4 педагог (25 %)

2019-2020 оқу жылы - 3 педагог (23 %)

2020-2021 оқу жылы - 9 педагог (69 %)

Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	60 жас және жоғары
2018-2019	16	4 – 25,0 %	3 – 18,7 %	7 – 43,8 %	2 – 12,5 %	-
2019-2020	13	2 – 15 %	1 – 8 %	8 – 62 %	2 – 15 %	-
2020-2021	13	2 – 15 %	2 – 15 %	6 – 47 %	3 – 23 %	-



Ұжымдағы педагогтардың 70 % орта жас шамасында, сондықтан, ұжымды жас құрамы жағынан - орта жас деп айтуға болады.


Дене шынықтыру - сауықтыру жүйесі

Мектепке дейінгі балалардың денсаулығын сақтаудың маңызды факторы болып балабақшадағы және үйдегі денсаулықты сақтайтын орта, педагогтың балалармен, ата- аналармен, мамандармен тығыз қатынасы болып табылады. Балабақша сауықтыру инфоқұрылымымен толықтай жабдықталмағанмен де, күзгі, көктемгі мезгілде фитопрофилактика ұйымдастырылады (шөп тұнбалары, сарымсақ т.б). Дұрыс арқа жотасын қалыптастыру үшін дене шынықтыру жаттығулары, тыныс алу гимнастикасы өткізіледі. Күніне екі рет серуен ұйымдастырылады, дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметтері ҰОҚ кестесіне сәйкес өтеді, аутотренингтер, қимыл - қозғалыс ойындары, балалардың денсаулық жағдайын бағалау өткізіледі. Балабақша ауылдың мәдени орталығы болып табылады, мұнда тұрақты түрде ата - аналардың қатысып тұруымен әр түрлі іс- шаралар өткізіліп тұрады.

«№24 «АҚҚУ» МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМЫ» МКҚК БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНІҢ ТАЛДАУЫ

№		2018-2019	2019-2020	2020-2021
1	Балалардың орташа тізім бойынша саны	149	125	116
2	Денсаулық тобы			
	I	47 – 31,5 %	29 – 23,2 %	28 – 24,1 %
	II	101 – 67,8 %	95 – 76 %	87 – 75,0 %
	III	1 – 0,7 %	1 – 0,8 %	1 – 0,9 %

«№24 «АҚҚУ» МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМЫ» МКҚК БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ ТОБЫ БОЙЫНША ДИНАМИКАСЫ



2020-2021 оқу жылында №24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымда 116 бала мөлшерімен төрт топ (екі ортаңғы және екі ересек тобы) жұмыс жасады.

Соңғы жылдағы тәрбиеленушілердің контингенті:

№	Оқу жылы	барлығы	Соның ішінде			
			Кіші тобы	Ортаңғы тобы	Ересек тобы	МАД тобы
1	2018-2019	4/149	1/49	1/42	1/44	-
2	2019-2020	4/125	0	1/47	2/72	-
3	2020-2021	4/116	0	2/59	2/57	-

**2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ НАУҚАСТАНУЫНА ТАЛДАУ**

Топтар	IX	X	XI	XII	I	II	III	IV	V	Барлығы
«Күнім» ересек тобы	9,6	24,4	13,7	1,2	9,2	5,2	6,3	9,1	4,0	9,2 %
«Жұлдыз» ересек тобы	9,4	5,1	2,5	17,1	5,9	11,5	12,4	7,3	0	7,9 %
«Балбөбек» ортаңғы тобы	4,6	13,6	11,7	5,0	10,7	9,2	9,5	9,1	3,8	8,6 %
«Үміт» ортаңғы тобы	0	6,9	3,9	10,0	2,8	12,5	11,8	20,0	9,5	9,7 %
Барлығы	7,9	12,5	7,9	8,3	7,2	9,6	10,0	11,4	4,3	8,9 %

**2020 – 2021 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚАТЫСЫМЫНА ТАЛДАУ**

Топтар	IX	X	XI	XII	I	II	III	IV	V	Барлығы
«Күнім» ересек тобы	78	64	84	90	84	72	85	80	81	79,8 %
«Жұлдыз» ересек тобы	45	78	82	61	58	59	73	77	94	69,7 %
«Балбөбек» ортаңғы тобы	49	70	73	63	68	63	70	62	58	64,0 %
«Үміт» ортаңғы тобы	0	65	76	72	68	74	73	76	71	71,9 %
Барлығы	57,3	69,3	78,8	71,5	69,5	67,0	75,3	73,8	76,0	71,4 %

Оқу-әдістемелік жұмыстар

«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК –ның 2020-2021 оқу жылына алған оқу жұмыс жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы), «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы), «2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде құрылды.

ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізгі ережелері мен талаптарын басшылыққа ала отырып, тәрбие мен оқытудағы негізгі мақсаттарды жүзеге асыруды толық көздеген.

Стандарттың орындалуы туралы:

Соңғы үш оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары Ақтөбе қаласының білім бөлімімен келісіліп, мектепке дейінгі ұйым меңгерушісі тарапынан бекітілген.

«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК -да төрт топ бар: «Балбөбек» ортаңғы тобы –бала саны 29, «Үміт» ортаңғы тобы –бала саны 27, «Жұлдыз» ересек тобы – бала саны 29 және «Күнім» ересек тобы – бала саны – 28.

Оқу – тәрбие үрдісі жаңа «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» бойынша сағат сандары енгізіліп, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің перспективалық жоспарлары жаңа «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде құрылып, бекітілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі санитарлық - гигиеналық талаптарға сай құрылған. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің перспективалық жоспарлары, балалардың тіршілік әрекеті мен тәрбиелеуді ұйымдастыру циклограммалары жүргізіледі. Циклограмма мазмұны бойынша бес білім беру саласы қамтылған. Әр баланың дені сау, сезімтал, жеке тұлға ретінде қалыптасуына себеп болатын оқу - тәрбие

ортасын құру мақсатында жұмыстар жүргізіледі. Балалардың білім деңгейін анықтау 1 жастан 5 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі жне индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген.

Бағдарламаның барлық бөлімдерінің қамтылуы бойынша:

№	Бағдарлама бөлімдері	2018-2019	2019-2020	2020-2021
1	«Денсаулық»	97,6 %	97,6 %	90,6 %
2	«Қатынас»	97,6 %	96,8 %	82,2 %
3	«Таным»	96,0 %	99,2 %	87,9 %
4	«Шығармашылық»	96,8 %	96,8 %	87,9 %
5	«Әлеумет»	97,6 %	100 %	88,8 %
6	Барлығы, орташа:	97,1 %	97,6 %	87,9 %

Ата - аналармен іс-шаралар жоспар бойынша жүргізіледі, барлық материалдар папкаларға жинақталады. Ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның жұмысына әр кез қатысады.

Мектепке дейінгі ұйым жұмысының негізгі бағыты - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Жылдық жұмыс жоспарын, педагогикалық кеңестердің хаттамаларын талдау, оқу-тәрбие процесін бақылау жұмыстың негізінде барлық бағыттарының қаралғанын көрсетті.

Нормативтік құжаттармен де тиісті жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі жиналыстарда, педкеңестерде, барлық қызметкерлерді ҚР Президентінің Жолдауымен, ҚР Заңдарымен таныстырады.

Ұйымда іс- қағаздарын жүргізу жұмысы барлық талаптар бойынша жүзеге асырылады: еңбек кітапшалары, еңбек кітапшаларының қозғалысы туралы дәптер, балалардың, педагогтардың жеке іс-қағаздары, ата-аналармен келісім шарттар, Бұйрықтар кітабы, өндірістік жиналыстардың хаттамалары, бақылау дәптерлері, инструктаж журналы т.б. жүргізіледі.

Басқару қызметінің жұмысына талдау жасай келе, педагогтардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ететінін, туындайтын мәселелерді шешуге көмегін тигізетінін атап өтуге болады.

Білім беру ұйымының қызметінің негізгі көрсеткіштері

Ұйым атауы : «№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК

Салынған жылы : 1988 жыл

Құқықтық –басқармалық түрі : заңгерлік

Толтырылған күні: 02.06.2021 ж.

Көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	2018-2019	2019-2020	2020-2021
1	2	3	4	5
Жалпы мағлұмат				
Мектепке дейінгі ұйымдағы топ саны:		4	4	4
- II кіші топ		1	0	0
- «Үміт» аралас тобы		1	1	0
- ортаңғы топ		1	1	2
- ересек тобы		1	2	2
Барлық балалар контингенті:	Саны	149	125	113
- оның ішінде қыздар	саны	73	59	
Тәрбиеленуші балалар саны:				
- II кіші тобында ,	Саны %	49/22	0	0
оның ішінде қыздар:				
- «Үміт» аралас тобында ,	Саны %	14/8	6/3	0
оның ішінде қыздар:				
-ортаңғы топта	Саны %	42/18	47/27	59/28
оның ішінде қыздар:				
- ересек топта	Саны %	44/25	72/29	57/26
оның ішінде қыздар:				
Бюджеттен қаржыландыратын мектепке дейінгі топтар	саны	4	4	4
Жалпы саннан алағандағы өзін-өзі қаржыландыратын мектепке дейінгі топ саны	Саны %	-	-	-
Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің мемлекеттік тілде оқитындарының алатын үлесі	Саны %	4	4	4
Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің орыс тілінде оқитындарының алатын үлесі	Саны %	-	-	-

ӨТКЕН ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫС ТАЛДАУЫ

Жұмыс бағыттары	Нәтижелер	Келесі кезеңге арналған мақсаттар
Білім беру салалары арқылы оқу қызметтерін ұйымдастыру		
“Денсаулық” білім беру саласы: - дене шынықтыру; - қауіпсіз мінез-құлық негіздері.	Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру- ең маңызды мәселенің бірі болып саналады . Біздің «Аққу» мектепке дейінгі ұйымында ең негізгі міндет - «Бірінші байлық - денсаулық» дегендей балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру. Түрлі аурулардың алдын алу, сақтану жұмыстары дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі. Ол үшін бүлдіршіндердің денесін шынықтыруға, яғни, олардың дене құрылыстарының дұрыс өсіп қалыптасуына көп көңіл бөлінеді . Барлық топтарда ҰОҚ - де және одан тыс кезде тәрбиешілер балалардың қимыл белсенділігін арттырып отырады. Дене шынықтыру ҰОҚ – де, ертеңгілік жаттығу кезінде ойын элементтерін жиі қолданады, ал серуен кезінде тәрбиешілер тікелей тапсырма беру арқылы балаларды әр түрлі қимыл қозғалыстарды сапалы жасауға үмтылдырады.	Балаларды өз денсаулығына дұрыс қарауға тәрбиелеу, оны шынықтырудың қарапайым жолдарымен таныстыру, адам денесінің құрылысы және оның мүшелерінің функциялары туралы түсінік беру. Балалардың бейімділігін және қозғалысын дамыту: шапшандық, жылдамдық, күштілік, икемділік). Балалардың таза ауада белсенді қимыл әрекетін қамтамасыз ету (серуен, даладағы дене шынықтыру). Дене шынықтыру жаттығуларын саналы түрде түсініп меңгеруін қалыптастыру және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.
“Қатынас” білім беру саласы: - сөйлеуді дамыту; - көркем әдебиет; - сауат ашу негіздері; - қазақ, орыс және шет тілдерінің бірі	Ауызша қатынастың алуан түрлі құралдарын ана тілінде және басқа тілдерде қарым-қатынас пен өзара іс-әрекет құруда пайдалануға, тілдің қажетті лексикалық және грамматикалық құралдарын талдауға және оларды ойындарда, сөздік шығармашылықта және іс-әрекеттің басқа түрлерінде пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл бағытта жыл бойы атқарылған жұмыс балалардың әртүрлі нысандағы жұмысын ұйымдастыру арқылы жүргізіледі . Педагогикалық кенестердің шешімі мен бақылау нәтижелері балабақшамыздың педагогтарына балалардың танымдық сөйлеу қабілетінің деңгейін анықтап және	Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде және біріккен ойындарда балалардың жеке тұлғаға және өзінің әріптесіне қызығушылығын қолдау және жәрдемдесу. Дәл жағдаятты ескере отырып, түрлі тәсілдермен сөйлеу, мимиканы қолдана білуге үйрету. Балалардың жалпы танымдық қабілетін дамыту: бақылау, суреттеу, сөйлем құрастыру және

	оқу – тәрбие жұмысын балалардың түрлі іс әрекеттерін есепке ала отырып жоспарлауға (әдеби сөйлеу, мағыналы сөйлеу, тәрбиеші мен баланың ынтымақтастығын қамтамасыз ететін ойын) күнделікті қарым – қатынас қалыптастыруда, балалардың сөйлеу мәдениетін, танымдық қасиеттерін дамытуда, жеке жұмыстарды ұйымдастыруда көмектесті.	оны тексеру жолдарын ұсыну.
“Таным” білім беру саласы: - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - сенсорика; - құрастыру; - жаратылыс-тану	Қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын білдіруге, алға қойылған мақсаттарға жетуге, экологиялық білімді меңгертуге, сұрақтар қоюға, құрастырылымдық іс әрекеттегі ойды жүзеге асыруға, заттарды олардың жалпы түсінігі негізінде біріктіруге және оларға ауызша анықтамалар беруге мүмкіндік береді. Ұсақ моторика дағдыларын дамыту баланың алдағы өмірінде кездесетін киіну, сурет салу, жазу сияқты, сондай-ақ басқа да сан алуан тұрмыстық әрекеттер мен оқу әрекеттерін жасауға қажетті баланың қол білезігі мен саусақтарының дәл және үйлесімді қозғалысы үшін маңызды болып табылады.	Ересек адам мектепке дейінгі балаға күшті педагогикалық әсер етеді , ол өзара әрекет үрдісінде кешенді әдістер мен тәсілдер көмегімен танымдық белсенділікті қалыптастырады, балалардың психикалық ойлау, қабылдау, ес, зейін, сөйлеуді, өзіне сенімділікті және ынтымақты дамыта отырып, олардың белсенді танымдық іс-әрекет пен шығармашылыққа бой алуына көмектеседі. Баланың тілінің жақсы дамуы қол саусақтарының қозғалысының дамуымен тығыз байланысты болып келеді.
“Шығармашылық” білім беру саласы: - сурет салу; - мүсіндеу; - жапсыру; - музыка.	Музыка, өнер туралы білімдер негізіне қызығушылық танытуға, көркем туындылар және халықтық шығармашылыққа өзінің қатынасын білдіруге мүмкіндік береді. Көркем құралдармен (түс, ырғақ, пішін, композиция және т.б.) жеке көркем образдар жасауға мүмкіндік береді. Музыкасыз, ойынсыз, ертегісіз баланың толық мәніндегі ақыл-ойы мен қиялын тәрбиелеуге болмайды. Баланың музыкалық мәдениетінің, эстетикалық талғамының, ұлттық сана – сезім, имандылық қасиетінің қалыптасуында сөздің шамасы келмеген жерде неғұрлым әдемі тіл – музыка құдырет алады.	Балалардың бақылау қабілеттерін дамыту, қоршаған ортаның эстетикалық белгілерін көре білуге баулу . Көркем өнер туындылармен таныстыру. Көркем өнерге қабілеттерін дамыту. Музыкалық эстетикалық тәрбие дегеніміз - сұлулықты, көркемдікті сездіртіп үйрету, сондай – ақ, сұлулық пен көркемдікті тек көріп қана қоймай өз бойына қалыптастыра білудің әдет-дағдыларын меңгеру.

“Әлеумет” білім беру саласы: - өзін-өзі тану; - қоршаған ортамен танысу;	Жыл бойы әлеуметтік жеке тұлғаны дамыту мына бағыттар бойынша жүзеге асырылды: - ересектермен қарым – қатынас; - өз құрбыларымен қарым қатынас; - қоғамдық ортада дұрыс мінез – құлық ережелерін қалыптастыру; - қоршаған әлемді қабылдай білудің моральдік гуманитарлық алғы шарттарына тәрбиелеу. Тәртіпке барабар мінез құлықтың баламасын таңдауға, өз мүмкіндігінің шегін білуге, ересектермен және құрдастарымен бірлескен қызметке қосылуға, қазақ және Қазақстан Республикасында тұратын басқа халықтардың мәдени құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда баланы жеке тұлға ретінде қалыптастырудағы басты мақсат - ұлттық рухы жоғары, өз Отанын, туған жерін сүйе білетін азамат тәрбиелеу болып отыр.	Балаларға әлеуметтік әсер себептерін дамыту, туған елге деген сүйспеншілік қасиеттерін қалыптастыру, патриоттық сезімдерге баулу, шыншыл болуға тәрбиелеу, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру. Адамгершілік қасиеттерді бағалай білуге жағдай жасау. Жақсы қарым – қатынас түрлеріне тәрбиелеу. Балаларды өздерін құрметтей білуге үйрету, өзін тануға қызығушылығын дамыту.
--	---	---

**«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК
2020-2021 оқу жылындағы педагогтардың
біліктілікті арттыру курстарынан өту жұмыстары**

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша педагогтер Карамульдина Ж.И., Абдиреева Т.О. және Хайруллина З.Д. курстан өтіп, сертификаттар алды.

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтынан педагогтер Карамульдина Ж.И., Ташранова А.М., Базарбаева З.И., Хайруллина З.Д., Абдиреева Т.О., Трумова Т.К. курстан өтіп, сертификаттар алды.

**«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК
2020-2021 оқу жылындағы педагогтердің
іс-тәжірибе тарату жұмыстары
(семинарлар)**

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының тыңдаушыларына арналған «Тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары» тақырыбында өткен семинар-практикумға педагогтер Базарбаева З.И. және Ташранова А.М. қатысып, «Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаның балаларды жан-жақты дамытудағы орны» тақырыбында өз тәжірибелерімен бөлісті.

«Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының тыңдаушыларына арналған «Использование инновационных педагогических технологий в организации различных видов детской деятельности в соответствии с ГОСО ДО» тақырыбында өткен семинар-практикумға педагогтер Карамульдина Ж.И. және Хайруллина З.Д. қатысып, «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту» және «Мектепке дейінгі ұйымдарда В.Воскобовичтің технологиясын қолдану ерекшеліктері» тақырыптарында өз тәжірибелерімен бөлісті.

**«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК
2020-2021 оқу жылындағы педагогтердің
іс-тәжірибе тарату жұмыстары**

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырудағы білім беру мен тәрбиенің бірлігі: ізденіс және тәжірибе» тақырыбындағы облыстық ғылыми-практикалық конференцияға педагог Көшербаева Г.Б. қатысып, сертификат алды және конференция материалдарының жинағына мақаласы жарияланды;

«Самғау» республикалық ғылыми-әдістемелік журналына педагогтер Калиева К.Ж., Ташранова А.М., Симанова Ш.К., Базарбаева З.И., Көшербаева Г.Б., Карамульдина Ж.И., Абдиреева Т.О., Трумова Т.К., Хайруллина З.Д. ашық қаралымдары мен мақалалары жарияланып, сертификаттар алды;

Uchitelya.kz білім беру порталына педагог Садыкова А.К. «Песочная терапия как один из видов инновационных технологий» тақырыбында мақаласы жарияланды;

«Орта және мектепке дейінгі білім беруді дамытудың болашағы: шетелдік әріптестердің тәжірибесі» атты VI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға педагогтер Базарбаева З.И., Ташранова А.М. және Трумова Т.К. қатысып, сертификаттар алды және конференция материалдарының жинағына мақалалары жарияланды;

«Білім нәрі» республикалық ғылыми-әдістемелік журналына педагогтер Садыкова А.К., Ташранова А.М., Симанова Ш.К., Базарбаева З.И., Көшербаева Г.Б., Карамульдина Ж.И., Трумова Т.К., Хайруллина З.Д. ашық қаралымдары мен мақалалары жарияланды;

«Білім берудің жаңартылған мазмұны: негізгі аспектілері мен болашағы» атты VII республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға педагогтер Базарбаева З.И. және Трумова Т.К. қатысып, сертификаттар алды және конференция материалдарының жинағына мақалалары жарияланды;

«Qaztest.kz» желілік басылымына педагогтер Садыкова А.К. «Ауылдық жердің балабақшаларында оқыту мен тәрбиенің өзекті мәселері» тақырыбында және Базарбаева З.И. «Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы» тақырыбында мақалалары жарияланды;

«№24 «Аққу» мектепке дейінгі ұйымы» МКҚК
2020-2021 оқу жылындағы
педагогтардың байқауларға қатысу жұмыстары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің атынан тәрбиеші Базарбаева З.И. Құрмет грамотасымен марапатталды;

«Ғылым инновациялық және білім беру мекемелер қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің атынан тәрбиеші Юлдашова Г.Х. Алғыс хатпен марапатталды;

«Күз-береке, күз-мереке» атты қалалық байқауға педагогтер Ташранова А.М. және Кабылғалимова Г.А. қатысып, Бас жүлде иеленді;

«Цифрлық ғасыр ұстазы» атты облыстық байқауға педагог Базарбаева З.И. қатысып, III дәрежелі дипломмен марапатталды;

«Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған тәрбиешілер арасындағы онлайн блиц-турниріне қатысып тәрбиеші Юлдашова Г.Х. II дәрежелі диплом алды;

«Қош келдің, Алтын күз» атты республикалық қолөнер байқауына шәкірт дайындағаны үшін тәрбиеші Утенова Ж.Н. Алғыс хат алды;

«Қош келдің, Алтын күз» атты республикалық қолөнер байқауына шәкірт дайындағаны үшін тәрбиеші Ташранова А.М. Алғыс хат алды;

«Қош келдің, Алтын күз» атты республикалық қолөнер байқауына шәкірт дайындағаны үшін тәрбиеші Карамульдина Ж.И. Алғыс хат алды;

